ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2019 жылғы 12 маусым №4360-19-00-2/777 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Шамшиев,
сот отырысының хатшысы А.Сырымбетова болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
«КомпанияГазСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілдері Е.Серикбаев және Н.Жанабергенов
жауапкер өкілі Б.Досжанов

ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Ремстрой» ЖШС-нің басшысы Қ.Ермахан
«Қаймар Инжиниринг» ЖШС-нің өкілі Қ.Мырзабек
«Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі» ММ-нің өкілі П.Искакова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Талап қоюшы «ОҚО Шардара ауданы Шардара қаласы үшін «Шардара» №18 ГТС-тан тартылатын жоғары қысымды газ құбырын және Өтеғұл ықшамауданында орамішілік орта қысымды газ құбырын салу» бойынша ашық конкурс тәсілімен электрондық сатып алу жариялаған.

Жауапкермен 2015 жылы «Ремстрой» ЖШС-нің «Қызылорда-СПМК-70» тұрғын ауданында жоғары қысымды газ желісінің құрылыс

Документ подписан: Шамшиев Р. Б., 19.06.2019

жұмыстарына қосалқы мердігері ретінде «КомпанияГазСтрой» ЖШС көрсетілген мемлекеттік қабылдау актісінің көшірмесі ұсынылған.

Алайда, сұрау салу арқылы 18.03.2019 жылы конкурстық комиссия «КомпанияГазСтрой» ЖШС-нің 2015 жылғы «Қызылорда қаласы СПМК-70 тұрғын кварталының құрылысы объектісіндегі» жоғары қысымды газ желісінің құрылыс жұмыстарын жүргізу нысаны бойынша мемлекеттік қабылдау актісінде қосалқы мердігер ретінде тартылмағандықтан конкурсқа қатыстырудан бас тартқан.

Сөйтіп, Жауапкердің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісі орын алуы бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрап осы талап арызбен сотқа жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшы өкілдері талап арыздағы уәждерін қуаттап талап арызды қанағаттандыруды сұраған.

Сот отырысында жауапкер өкілі талап арызбен келіспей, біліктілік талаптары бойынша толық емес немесе тиісінше рәсімделмеген құжатты ұсыну біліктілік талаптары бойынша теріс ақпарат беру фактісі болып табылмайтынын, 2015 жылғы нысан бойынша іс жүзінде қосалқы мердігер ретінде жұмыс атқарғанын, көп жылдардан бері осы салада жұмыс жасап келе жатқанын көрсетіп және талап қоюшыға жағымсыз салдар келмегенін ескеріп талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот отырысында үшінші тұлға «Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі» ММ-нің өкілі жауапкер 2015 жылғы жоғарғы қысымды газ құбырын салу нысаны бойынша іс жүзінде жұмыс атқарғанын және облыс аумағында газ саласында жұмыстардың көпшілігін орындап жүргенін көрсетті.

Сот отырысында үшінші тұлға «Ремстрой» ЖШС-нің басшысы жауапкермен жоғарғы қысымды, төменгі қысымды газ құбырларын салу жұмыстарына шарттар жасалғанын, жұмыстар атқарылғанын, төлем ақы жүргізілгенін және мемлекеттік қабылдау актісіне қосалқы мердігер көрсетілмейді деген тұжырыммен жауапкер көрсетілмей қалғанын көрсетті.

Сот отырысында үшінші тұлға «Қаймар Инжиниринг» ЖШС-нің өкілі «Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі» ММ-сі тарапынан техникалық қадағалаушы болғанын және жауапкермен СМПК-70 ауданындағы жоғарғы қысымды газ құбырларын салу жұмыстары бойынша жауапкер қосалқы мердігер болып жұмыс атқарғанын атап көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының(бұдан әрі Заң) 12-бабының 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес, біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық

Документ подписан: Шамшиев Р. Б., 19.06.2019

емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес Біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Сотта анықталғандай жауапкер тарапынан біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат бергені жоққа шығарылмайды, дегенмен бұл ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына әсер етпейтіндігі, яғни жауапкер іс жүзінде «Қызылорда қаласы СПМК-70 тұрғын кварталының құрылысы объектісіндегі» жоғары қысымды газ желісінің құрылыс жұмыстарына қосалқы мердігер ретінде тартылған және осы жұмысты толық жүргізіп өткізген және негізгі мердігердің қате түсінушілігінен мемлекеттік қабылдау актісінде қосалқы мердігер ретінде көрсетілмей қалған.

Бұл мән-жай сотта жауап берген үшінші тұлғалардың жауаптарымен және «Компания ГазСтрой» ЖШС-нің «КазТрансГазАймак»АҚ ҚФ-на Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі ММ мен Ремстрой ЖШС-нің қатысуымен Қызылорда қаласы СПМК-70 тұрғын кварталындағы сыртқы инженерлік жүйелер құрылысы бойынша жерасты жоғары қысымды газ құбырларының құрылыс жұмыстарын аяқтап өткізу туралы актісімен және оған қосымша тіркелген құжаттарымен сондай ақ, Ремстрой ЖШС-нің Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі басшысы атына жазған 30.09.2015жылғы №53 санды аталған жұмысқа жауапкерді қосалқы мердігер ретінде қабылдайтындығы туралы хатымен, басқада іс құжаттарымен бекітіледі.

ҚР АПК-тің 6-бабының 5-бөлігіне сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

Сот, іс құжаттарын зерттеп, әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, сондай-ақ жауапкердің газ саласындағы атқарған жұмыстарын, қарамағында жиырма екі адам қызмет ететінін, үшінші тұлғалар тарапынан жақсы жағынан мінезделетінін ескеріп талап арызды қанағаттандырудан бас тартқан дұрыс деп тұжырымдайды.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап арызы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Документ подписан: Шамшиев Р. Б., 19.06.2019

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья Р.Шамшиев

Документ подписан: Шамшиев Р. Б., 19.06.2019

4360-19-3-1/736